

**Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы
№ 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 бұйрығын қараңыз.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қазақстан	Республикасы
Үкіметінің	
2014 жылғы	29 мамырдағы
№ 574 қаулысымен	
бекітілген	

**Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) арзандату бойынша тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде субсидиялар (бұдан әрі – субсидиялар) төлеу тәртібін айқындайды.

2. Қандай да бір аудан тыңайтқыштар құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) арзандатуға бөлінген қаражатты толық игермеген жағдайда, облыстардың әкімдері оны өзге аудандар арасында облыс бойынша бекітілген субсидиялау көлемінің шегінде осы субсидиялау бағытына қайта бөле алады.

3. АШТӨ-нің субсидиялар алуға арналған тізімін айқындау үшін әрбір ауданда (облыстық маңызы бар қалада, Астана және Алматы қалаларында) аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімінің шешімімен ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) құрылады.

В А К - т ы ң қ ұ р а м ы н а :

1) аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімдігінің, оның ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, Астана және Алматы қалаларының) ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдерінің немесе басқармаларының;

2) аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) мәслихатының;

3) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның аумақтық инспекциясының;

4) тиісті облыстың, облыстық маңызы бар қалалардың, Астана және Алматы қалаларының аудандарындағы облыстар, Астана және Алматы қалалары кәсіпкерлерінің өңірлік палатасы филиалының (бар болса);

5) аграрлық бейіндегі қоғамдық және ғылыми ұйымдардың (бар болса) өкілдері кіреді.

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі, ал Астана және Алматы қалалары мен облыстық маңызы бар қала бойынша – қала әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы немесе бөлімі (бұдан әрі – бөлім) ВАК-тың жұмыс органы болып табылады.

4. Бөлім жылдың қалыптасқан ауа райы-климаттық жағдайын ескере отырып субсидиялар алуға арналған өтінімдерді қабылдау басталатын және аяқталатын күнді белгілейді, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, Астана және

Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсында және ресми баспа басылымдарында өтінімдерді қабылдаудың басталуы мен аяқталуы туралы хабарландыруды, ВАК-тың жұмыс тәртібін және басқа да қажетті мәліметтерді орналастырады.

5. Аудандар бойынша субсидиялар көлемдері (басым дақылдардың егістік алқаптарының болжамды құрылымына қарай) облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімімен белгіленеді.

6. Облыстың (Астана және Алматы қалаларының) ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі – басқарма) тыңайтқыштар құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау жөніндегі облыстың ай сайынғы қаржыландыру жоспарын оны бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде облыстың (Астана мен Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсында орналастырады.

7. Облыстың (Астана мен Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының шешімімен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісім бойынша субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер (бұдан әрі – тыңайтқыштар өндіруші) өткізген тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына), тыңайтқыштар берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден (бұдан әрі – шетелдік тыңайтқыш өндірушілер) сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары белгіленеді. Облыстың (Астана мен Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының шешімінің жобасын уәкілетті органға келісуге ұсынған кезде белгіленген субсидия нормасын негіздейтін құжаттар (өтінімдерде көрсетілген алқапқа ғылыми негізделген енгізу нормаларын ескере отырып, субсидиялауға жататын тыңайтқыш түрлерінің көлемдері бойынша есептер, өтінім берілген тиісті тыңайтқыштар түрлеріне қалыптасқан нарықтық бағаларды растайтын құжаттар) қоса беріледі.

2. Субсидиялар төлеу шарттары

8. Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) арзандатуға арналған субсидиялар:

1) ағымдағы жылы тыңайтқыш өндірушілер өткізген тыңайтқыштардың құнын ішінара арзандатуға;

2) тыңайтқыштарды ағымдағы жылы тыңайтқыштар берушіден және (немесе) тікелей шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алған АШТӨ шығындарын ішінара өтеуге;

3) тыңайтқыштарды өткен жылғы 4-тоқсанда тыңайтқыштар өндірушіден

және (немесе) берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алған АШТӨ шығындарын ішінара өтеуге арналады.

9. М ы н а л а р :

1) өндіруші – «СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаты бар Қазақстан Республикасында тыңайтқыш өндіруді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға. Тыңайтқыш өндірушілердің тізбесін облыстың (Астана мен Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының сұратуы бойынша индустрия және жаңа технологиялар саласындағы уәкілетті о р г а н б е р е д і ;

2) тыңайтқыштар беруші – шетелдік өндірістің тыңайтқыштарын өткізуді жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлға;

3) шетелдік тыңайтқыш өндіруші тыңайтқыш сатушылар болып табылады.

10. Тыңайтқыштар құнына қосылған құн салығы, қаптау, таңбалау құны, республиканың тиісті өңіріндегі жеткізу (жіберу) пунктіне дейінгі көлік шығыстары к і р е д і .

11. Бюджеттік субсидиялар сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограмна) арналған субсидиялардың нормаларына сәйкес мына м ө л ш е р д е б е р і л е д і :

1) отандық өндірістің тыңайтқыштарын сатып алған кезде субсидиялар сатылған тыңайтқыш құнының 50 %-ына дейін қоса алғандағы мөлшерде ө н д і р у ш і г е т ө л е н е д і ;

2) шетелдік өндірістің тыңайтқыштарын сатып алған кезде субсидиялар сатып алынған тыңайтқыштар құнының 30 %-ына дейін қоса алғандағы м ө л ш е р д е А Ш Т Ө - г е т ө л е н е д і .

Бұл ретте осы Қағидалардың 7-тармағында көзделген тыңайтқыштар түрлеріне арналған субсидиялар нормаларын белгілеген кезде отандық және шетелдік өндірістің тыңайтқыштарына арналған субсидия мөлшерлері арасындағы айырмашылық осы Қағидалардың 11-тармағында белгіленген айырмашылыққа барабар сәйкес келуі тиіс.

12. АШТӨ бөлім белгілеген мерзімде бөлімге субсидия алуға арналған АШТӨ тізіміне енгізу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан б о й ы н ш а ө т і н і м б е р е д і .

Бұл ретте, тыңайтқыштарды өндірушіден және (немесе) өнім берушіден алдыңғы жылғы 4-тоқсанда және өнім берушіден ағымдағы жылы сатып алған АШТӨ тыңайтқыш сатушы берген шот-фактураның, тауар-көліктік жүкқұжаттың түпнұсқаларын өтінімге қоса береді.

Өтінімді қабылдаған күні АШТӨ өтінімнің қабылданғаны туралы еркін ны с а н д а қ о л х а т б е р е д і .

Игерілмеген қаражат қалыптасқан және (немесе) қосымша қаражат бөлінген

жағдайда, бөлім жергілікті атқарушы органдар белгілеген мерзімде қосымша өтінімдер қабылдауды жүзеге асырады.

13. Осы Қағидалардың 8-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес субсидиялар алатын, тыңайтқыштар құнын АШТӨ мен тыңайтқыш сатушы арасындағы сатып алу-сату шартында белгіленген мерзімдерде төлейтін АШТӨ де бюджеттік субсидиялар алушылардың тізіміне енгізіледі.

14. Субсидиялар осы Қағидалардың 12-тармағында айқындалған құжаттарда көрсетілген мәліметтер дұрыс болмаған, өтінім тиісті түрде ресімделмеген не оны ұсыну мерзімдері бұзылған жағдайларда берілмейді.

3. ВАК-тың жұмыс тәртібі

15. Бөлім өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды өңдеуді жүзеге асырады және ВАК-тың қарауына ұсынады.

16. Бөлім ұсынған құжаттарды ВАК сегіз жұмыс күні ішінде қарайды және тиесілі субсидиялар сомасын көрсете отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АШТӨ тізімін қалыптастырады және оны аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне, ал Астана мен Алматы қалалары бойынша қала әкіміне бекітуге жібереді. Бұл ретте субсидиялауға жататын тыңайтқыштардың көлемі бөлінген бюджет қаражаты мен әрбір АШТӨ-нің егіс алаңдарының мөлшері ескеріле отырып, АШТӨ-нің өтінімдеріне барабар белгіленеді.

Осы АШТӨ тізіміне енгізуден бас тартылған жағдайда, бөлім АШТӨ-ге тізім жасалған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бас тарту себебін көрсете отырып жазбаша хабарлама береді.

17. Аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана, Алматы қалалары) әкімі екі жұмыс күні ішінде АШТӨ тізімін бекітеді.

18. Аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімі АШТӨ тізімін бекіткеннен кейін бөлім ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсында және ресми баспа басылымдарында тиесілі субсидиялар сомасын көрсете отырып, АШТӨ тізімін орналастырады және оны басқармаға ұсынады.

19. АШТӨ өтінім берілген тыңайтқыштар көлемін сатып алудан немесе өтеуден бас тартқан жағдайда, ВАК осы тыңайтқыштар көлемін АШТӨ тізіміне енгізілген басқа АШТӨ арасында қайта бөледі.

4. Субсидиялар төлеу тәртібі

20. Бөлім тізім ұсынғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде басқарма осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

- 1) арзандатылған тыңайтқыштар алу үшін;
- 2) ағымдағы жылы өнім берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштарға шығындарды өтеу үшін;
- 3) алдыңғы жылғы 4-тоқсанда өндірушіден және (немесе) өнім берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштарға шығындарды өтеу үшін АШТӨ-нің жиынтық тізілімін жасайды.

21. Арзандатылған күн бойынша сатылған тыңайтқыштар үшін субсидиялар алу үшін:

- 1) басқарма арзандатылған тыңайтқыштар алуға арналған АШТӨ-нің жиынтық тізілімін жасағаннан кейін екі жұмыс күні ішінде оны өндірушіге ұсынады.

Осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес қосымша өтінімдер қабылданған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар белгілеген мерзімде басқарма өндірушіге арзандатылған тыңайтқыштар алуға арналған АШТӨ-нің қосымша жиынтық тізілімін ұсынады;

- 2) өндіруші ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде басқармаға:

осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АШТӨ бөлінісінде тыңайтқыштардың іс жүзінде сатылған көлемі жөніндегі тізілімді; сатылған тыңайтқыштарға бастапқы төлем құжаттарының, жүкқұжаттардың және шот-фактуралардың көшірмелерін;

өндіруші мен АШТӨ арасындағы тыңайтқыштарды сатып алу-сату шартын ұсынады, ол үш данада жасалады: біріншісі – өндіруші үшін, екіншісі – АШТӨ үшін, үшіншісі – басқарма үшін;

- 3) өндіруші құжаттарды тапсырған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде басқарма:

ұсынылған құжаттарды тексереді, өндірушіге тиесілі субсидия көлемін айқындайды;

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тыңайтқыштардың іс жүзінде сатылған көлемі жөніндегі актіні жасайды, бекітеді және өндірушіге жібереді;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тыңайтқыштардың құнын ішінара арзандатқаны үшін өндірушіге субсидиялар төлеуге арналған ведомость қалыптастырады.

22. Мыналардан:

- 1) ағымдағы жылы өнім берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден;

2) алдыңғы жылғы 4-тоқсанда өндірушіден және (немесе) өнім берушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштарға субсидиялар алу үшін басқарма АШТӨ-нің жиынтық тізілімдерінің негізінде оларды жасағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АШТӨ-ге субсидиялар төлеуге арналған ведомость қалыптастырады.

23. Тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің және өндірушілердің банктік шоттарына аударуды басқарма төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес тиісті айдың 30-күніне дейін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарын қоса бере отырып, төлем шоттарының тізілімін ұсыну арқылы жүзеге асырады.

Бұл ретте тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің және өндірушілердің банктік шоттарына желтоқсан айында аударуды басқарма тиісті жылдың 20 желтоқсанына дейін жүзеге асырады.

24. Басқарма тиісті жылдың 5 шілдесіне және 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде уәкілетті органға субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат береді.

Тыңайтқыштардың кұнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларына 1-қосымша

_____ облысы _____
(аудан, қала әкімдігінің толық атауы)

(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Өтінім

_____ тонна (килограмм, литр) көлемінде _____,
(тыңайтқыш түрі)

_____ тонна (килограмм, литр) көлемінде _____,
(тыңайтқыш түрі)

_____ тонна (килограмм, литр) көлемінде _____
(тыңайтқыш түрі)

тыңайтқыштарын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) сатып алу (өтеу) үшін субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне енгізуді сұраймын.

Р/с №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
		тіркеу нөмірі	

1.	Занды тұлға үшін – занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама	тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
2.	Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат	жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	
		ЖСН	
		кім берді	
	Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	берілген күні	
		орналасқан жері	
		тіркеу күні	
3.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	кім берді	
		актінің нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алқап, гектар	
		оның ішінде егістік	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді	
		жер учаскесі иесінің немесе жерді пайдаланушының атауы	
4.	Ағымдағы шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банктің анықтамасы	ЖСК	
		Кбе	
		Банктің деректемелері:	
		банктің атауы	
		БСК	
		К/Е	
		БСН	
		Кбе	
5.	Шот-фактура (инвойс) (тыңайтқыштарды шетелдік тыңайтқыш өндірушіден ағымдағы жылы және алдыңғы жылғы 4-тоқсанда сатып алған АШТӨ үшін)*	шот-фактураның нөмірі	
		берілген күні	
		тыңайтқыш сатушының атауы	
		тыңайтқыш сатушы орналасқан жердің мекенжайы	
		тыңайтқыш сатушының ЖСК	
		тауар-көліктік жүкқұжаттың нөмірі	
		тыңайтқыш атауы	
		өлшем бірлігі	
		саны (көлемі)	
		ҚҚС-пен бағасы (теңге)	
		барлық өткізу құны	

6.	Кедендік жүк декларациясы (тыңайтқыштарды шетелдік тыңайтқыш өндірушіден ағымдағы жылы және алдыңғы жылғы 4-тоқсанда сатып алған АШТӨ үшін)*	нөмірі	
		берілген күні	
		тыңайтқыш сатушының атауы	
		тыңайтқыш сатушы орналасқан жердің мекенжайы	
7.	Сатып алынған тыңайтқыштарға арналған сәйкестік сертификаты*	сертификаттың нөмірі	
		сертификаттың қолданылу мерзімі	
		сәйкестендірілген өнім (атауы, шығарушы ел)	
		өтінім беруші (атауы, мекенжайы)	
		кім берді	
8.	Шығу тегі сертификаты/ сапа сертификаты (шетелдік өндірістің тыңайтқыштары үшін)*	нөмірі мен берілген күні	
		тауардың атауы	
		экспорттаушы/жүк жөнелтуші	
		импорттаушы/жүк алушы	
9.	Химиялық өнімді тіркеу туралы куәлік*	куәлік нөмірі	
		химиялық өнімнің толық атауы	
		өндіруші фирма	
		куәліктің қолданыс мерзімі	
		тіркеу күні	
		кім берді	

Е с к е р т п е :

*Аталған құжаттардағы мәліметтер тыңайтқыштың әрбір түріне толтырылады.

Тыңайтқыштарға қажеттіліктің есебі

Ауыл шаруашылығы дақылының атауы	Алқабы, гектар	Тыңайтқыштарды 1 гектарға ғылыми жағынан ұсыным берілген қолдану нормалары				Тыңайты-латын алқап, гектар
		Тыңайтқыш түрі, (килограмм, литр)				
1	2	3	4	5	6	7

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және жалған мәліметтер ұсынған үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы _____
 (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

М.О

20__ жылғы «__» _____

Өтінім 20__ жылғы «__» _____ карауға қабылданды

_____ (қолы) _____ (өтінішті қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

Тыңайтқыштардың _____ құнын _____ (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) _____ субсидиялау қағидаларына

2-қосымша

« Б е к і т е м і н »

А у д а н _____ (қ а л а) _____ ә к і м і

 (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), мөрі)

20__ жылғы «__» _____

Субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізімі

1) тыңайтқыш өндірушіден 20__ жылы арзандатылған тыңайтқыштар сатып алу үшін

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/БСН	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты		Жеткізу (Тыңайтқыш жіберу) пункті	Тыңайтқыш түрі	Сатып алынатын тыңайтқыш көлемі, тонна (килограмм, литр)
		БСК	ЖСК			
1	2	3	4	5	6	7
Жиыны:						

2) тыңайтқыш берушіден 20__ жылы сатып алынған тыңайтқыштарға шығындарды өтеу үшін

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/БСН	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты		Тыңайтқыш түрі	Сатып алынған тыңайтқыш көлемі, тонна (килограмм, литр)	Тыңайтқыш тоннасының (килограммының, литрінің) құны, теңге	Өтелу тиіс сома, теңге
		БСК	ЖСК				
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны:							

3) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден 20__ жылы немесе 20__ жылғы 4-тоқсанда сатып алынған тыңайтқыштарға шығындарды өтеу үшін

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/БСН	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты		Тыңайтқыш түрі	Сатып алынған тыңайтқыш көлемі, тонна (килограмм, литр)	1 тонна (килограмм, литр) тыңайтқыш құны, теңге	Өтелуі тиіс сом теңге
		БСК	ЖСК				
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны:							

4) тыңайтқыш өндірушіден және (немесе) тыңайтқыш берушіден 20__ жылғы 4-тоқсанда сатып алынған тыңайтқыштарға шығындарды өтеу үшін

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/БСН	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты		Тыңайтқыш түрі	Сатып алынған тыңайтқыш көлемі, тонна (килограмм, литр)	1 тонна (килограмм, литр) тыңайтқыш құны, теңге	Өтелуі тиіс сом теңге
		БСК	ЖСК				
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны:							

ВАК төрағасы _____
(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

ВАК мүшелері _____
(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

(қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

М.О.

Тыңайтқыштардың _____ құнын _____ (органикалық тыңайтқыштарды _____ қоспағанда) _____
субсидиялау _____ қағидаларына

3-қосымша

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жиынтық тізілімі

1) тыңайтқыш өндірушіден 20__ жылы арзандатылған тыңайтқыштар сатып алу үшін

Ауыл шаруашылығы тауарын	Сатып алынатын тыңайтқыш

Аудан (қала)	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/БСН	өндірушінің ағымдағы шоты		Жеткізу (жіберу) пункті	Тыңайтқыш түрі	көлемі, тонна килограмм, литр
			БСК	ЖСК			
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны:							

2) тыңайтқыш берушіден 20 __ жылы сатып алынған тыңайтқыштарға шығындарды өтеу үшін

Аудан (қала)	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/БСН	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты		Тыңайтқыш түрі	Сатып алынған тыңайтқыш көлемі, тонна (килограмм, литр)	1 тонна (килограмм, литр) тыңайтқыш құны, теңге	Өтелуі тиіс сома, теңге
			БСК	ЖСК				
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жиыны:								

3) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден 20__ жылы немесе 20__ жылғы 4-тоқсанда сатып алынған тыңайтқыштарға шығындарды өтеу үшін

Аудан (қала)	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/БСН	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты		Тыңайтқыш түрі	Сатып алынған тыңайтқыш көлемі, тонна (килограмм, литр)	1 тонна (килограмм, литр) тыңайтқыш құны, теңге	Өтелуі тиіс сома, теңге
			БСК	ЖСК				
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жиыны:								

4) тыңайтқыш өндірушіден және (немесе) тыңайтқыш берушіден 20__ жылғы 4-тоқсанда сатып алынған тыңайтқыштарға шығындарды өтеу үшін

Аудан (қала)	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/БСН	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты		Тыңайтқыш түрі	Сатып алынған тыңайтқыш көлемі, тонна (килограмм, литр)	1 тонна (килограмм, литр) тыңайтқыш құны, теңге	Өтелуі тиіс сома, теңге
			БСК	ЖСК				
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жиыны:								

Б а с қ а р м а н ы ң қ ұ р ы л ы м д ы қ
бөлімшесінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

Тыңайтқыштардың құнын (органикалық
тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидаларына
4-қосымша

Субсидияланған тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) іс жүзінде сатылған көлемі жөніндегі тізілім

(сатушының атауы)

Тыңайтқыш түрі	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	Өлшем бірлігі (тонна, килограмм, литр)	Жасалған шарттар		1 тоннасының (килограмының, литрінің) құны, теңге (тиесілі 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған субсидияның тиесілі нормасын шегергенде)	Тиіп-жөнелтілген тыңайтқыштар көлемі	
			сатып алу-сату шартының күні, №	көлемі, тонна (килограмм, литр)		көлемі, тонна (килограмм, литр)	субсидиялау сомасына, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны:							

Ескертпе: көрсетілген тізілімге сапасыз тауар жеткізу себебі не басқа да себептер бойынша сатып алу-сату шартын орындаудан бас тартқан және сатып алынған тыңайтқыштар үшін ақша қаражатын қайтаруды талап еткен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер енгізілмейді.

Тыңайтқыш сатушы (бірінші басшы) _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(жеке басын куәландыратын
құжатта бар болса)

М.О.

Тыңайтқыш сатушының бас бухгалтері _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(жеке басын куәландыратын
құжатта бар болса)

Тыңайтқыштардың құнын (органикалық
тыңайтқыштарды қоспағанда)
субсидиялау қағидаларына

5-қосымша

« Б е к і т е м і н »

----- облысының (қаласының)

басқарма _____
 (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
 куәландыратын құжатта бар болса), мөрі)
 20__жылғы «__» _____

_____ облысы (қаласы) бойынша тыңайтқыштардың
 органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) іс жүзінде сатылған көлемі
 жөніндегі акті

Атауы		Тыңайтқыш түрі	ЖСН/БСН	Сатып алу-сату шартының күні, №	Өлшем бірлігі, тонна килограмм, литр)
тыңайтқыш сатушының	тыңайтқыш сатып алған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің				
1	2	3	4	5	6
Жиыны:					

кестенің жалғасы

Сатылған тыңайтқыштардың мөлшері, тонна (килограмм, литр)	1 тоннасының, килограммының, литрінің бағасы, теңге	Жалпы құны, теңге (7-б. x 8-б.)	1 тоннасына (килограмма, литріне) арналған субсидиялар нормасы, теңге	Субсидиялар сомасы теңге (7-б. x 10-б.)
7	8	9	10	11

Б а с қ а р м а н ы ң _____ қ ұ р ы л ы м д ы қ
 бөлімшесінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын
 құжатта бар болса), қолы)

Тыңайтқыштардың _____ құнын _____ (органикалық
 тыңайтқыштарды _____ қоспағанда)
 субсидиялау қағидаларына

б-қосымша

« Б е к і т е м і н »

_____ облысының _____ (қаласының)

басқарма _____
 (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
 куәландыратын құжатта бар болса), мөрі)

20__жылғы «__» _____

20__ жылғы «__» _____ - «__» _____ аралығында субсидиялар
 төлеуге арналған ведомость

1) тыңайтқыштардың құнын ішінара арзандатқаны үшін тыңайтқыш өндірушіге

--	--	--	--	--	--

Аудан атауы	Отандық тыңайтқыш өндіруші зауыттардың атауы	Тыңайтқыш түрі	Сатылған күні	Тыңайтқыштар сатудың жылдық квотасы		Квота шегінде бюджетті субсидиялауға іс жүзінде берілген құжаттар, тонна (килограмм, литр)	
				тонна (килограмм, литр)	сомасы (теңге)	жыл басынан	20__ жылғы «__» - «__» аралығында
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны:							

кестенің жалғасы

Сатылған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограмына, литріне) арналған бюджеттік субсидиялар нормасы, теңге	Жыл басынан бастап тиесілі бюджеттік субсидиялар сомасы, теңге	Жыл басынан бастап төленгені, теңге	Тиесілі бюджеттік субсидиялар сомасының қалдығы, теңге	20__ жылғы «__» арналған квота шегінде төлеуге жататыны, теңге
9	10	11	12	13
Жиыны:				

Төленетін сома _____ (санмен) _____ (жазбаша) теңге.

2) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің атауы	Тыңайтқыш түрі	Тыңайтқышты сатып алған күн	Сатып алынған тыңайтқыштар үшін шығындарды өтеуге жүзінде берілген құжаттар, тонна (килограмм, литр)	
			Жыл басынан бастап	20__ жылғы «__» - «__» аралығында
1	2	3	4	5
Жиыны:				

кестенің жалғасы

1 тоннасына (килограмына, литріне) бюджеттік субсидиялар нормасы, теңге	Тиесілі бюджеттік субсидиялар сомасы, теңге	Жыл басынан бастап төленгені, теңге	Тиесілі бюджеттік субсидиялар сомасының қалдығы, теңге	20__ жылғы «__» арналған квота шегінде төлеуге жататыны, теңге
6	7	8	9	10
Жиыны:				

Төленетін сома _____ (цифрмен) _____ (жазбаша) теңге.

Б а с қ а р м а н ы ң қ а р ж ы

бөлімінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

Басқарманың _____ бөлімінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса), қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ